

Нұрлан МАНСҰРОВ

филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан (nurlan.mansurov@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0000-0002-0833-7682>

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ КИЕЛІ САНДАР*

Аңдатпа: Мақалада қазақтың ұлттық танымындағы киелі сандар ұғымы тілдік деректер негізінде сараланады. Алғаш адамзат баласы кие тұтатын қасиеттер сөз етіліп, оның ұғымы мен мағынасы талданады. Халықтық ұғымдағы жанды әрі жансыз заттардың киелі қасиеттері қарастырылып, олардың танымындағы сандар зерделенеді. Расында, көп халықтың ұғымында тілдік қолданыста кей сандар киелі әрі қасиетті саналады. Сондықтан сандардың да адамзат өмірінде тек сандық қасиеті ғана емес, танымдық сипаты тұрғысынан да саралануы маңызды. Мақалада ұлттық танымдағы үш, жеті, тоғыз, қырық сандарының этномәдени мазмұнда киелі, қасиеттері басшылыққа алынды. Онда келтірілген сандардың халықтың рухани болмысымен араласып, этномәдени мазмұнда танылып, тілдік бірліктер қалыптастырғандығы, мәдениет лексикасын құрайтын рухани мұраның бірі ретінде, қарастырылады. Сондай-ақ күнделікті тіршілікте уақыт пен кеңістік әрі өлшем ретінде де қызмет атқарып, мазмұндық сипатта киелі қасиеттері жан-жақты талданады. Онда сан есімдердің киелі қасиеті тек қана қазақтың ұлттық немесе түркілік танымында ғана емес, әлемдік тілдерде де қасиетті саналатыны сөз етіледі. Әлем халықтарының этномәдени дүниетанымындағы киелілігі жайлы зерттеулер негізге алынады. Жалпы алғанда, зерттеуге негіз болған сандардың халықтың ұлттық дүниетанымындағы орны, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптағы киелілігі, адамзат баласының дүниеге келуі мен ақыретке кетуіне орай өмір сүрудің түрлі кырларында көрініс табатыны, оған қоса ұлттық тілдік танымдағы қолданысы мен сырлары айқындалады.

Кілт сөздер: ұлттық таным, киелі сандар, рухани танымдық лексика, тілдік бірлік, тілдік қолданыс

* Келген күні: 8 қараша 2023 ж. – Қабылданған күні: 26 қаңтар 2024 ж.

Date of Arrival: 8 November 2023 – Date of Acceptance: 26 January 2024

Geliş Tarihi: 8 Kasım 2023 – Kabul Tarihi: 26 Ocak 2024

Поступило в редакцию: 8 ноября 2023 г. – Принято в номер: 26 января 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1387727



Nurlan MANSUROV

candidate of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan (nurlan.mansurov@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0000-0002-0833-7682>

SACRED NUMBERS IN KAZAKH NATIONAL KNOWLEDGE

Abstract: The article differentiates linguistic data on the concept of sacred numbers in Kazakh national knowledge. First, the characteristics of the human race are mentioned and its concept and meaning are analyzed. The sacred properties of animate and inanimate objects in the popular imagination are considered, numbers in their knowledge are analyzed. Indeed, according to many people, certain numbers are considered holy and sacred in the use of language. Therefore, it is recommended that it is important to distinguish numbers in human life not only in terms of their numerical properties, but also in terms of their cognitive properties. The article is guided by the fact that the numbers three, seven, nine, forty in popular knowledge are considered holy and sacred in ethnocultural content. The fact that these numbers mixed with the spiritual essence of the people was recognized in the ethnocultural content, formed linguistic units as one of the spiritual assets that form the cultural lexicon, and also serve as time, space and measure. In everyday life, their sacred properties of content are comprehensively analyzed. They also say that the sacredness of these numerals exists not only in Kazakh national or Turkic knowledge, but also in world languages. The basis is research on sacredness in the ethnocultural picture of the peoples of the world. In general, the numbers underlying the study are the place of the people in the national worldview, their holiness in traditions and customs, the fact that they are reflected in various aspects of life due to the birth and death of a person, as well as their use and secrets are revealed in national linguistic knowledge.

Keywords: folk knowledge, sacred numbers, spiritual vocabulary, linguistic unity, linguistic use

Кіріспе

Адамзат баласы өзінің өмір сүру дағдысында киелі санаған заттар мен ұғымдар болғандығын бүгінгі терең тарихи зерттеулер ашып көрсетіп келеді. Мұндағы «киелі» деген ұғым белгілі бір заттың, жан-

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

жануарлардың, тарихи мекенжайлардың, т.б. қасиетін танытады. Оның ішінде табиғат, өмір заңдылықтары, діни сенімдер, тұрмыс-тіршілікке қатысты болмыс, тылсым дүниелер, сондай-ақ сандық ұғымдар бар. Сол себепті қазақ танымында «киелі ұғым» қалыптасқан. Мұнда алғаш киелі сөзіне негіз болған «кие» сөзінің мәнін ашу қажеттігі туындайды.

Киe – *зат. миф.* 1. Қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің ерекше тылсым күшке ие қасиеті. Ислам діні таралмастан бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасып, кие деп саналған кейбір тотемдік наным-сенімдер жұрнағы қазіргі салт-дәстүрде де кездеседі (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 8 т., 18-б.).

Философиялық сөздіктерде «киелі» дегеніміз (латын тілінен-сасег) – *құрмет тұту, қасиетті* деп жариялау, құдайға арналған (Циренова, 2014, 366-б.).

М.Қашқаридің сөздігінде «Киe – қасиет қонған «кісілік»» деп келеді (Егеубай, 1998, 233-б.). Қазақ тілінің қолданысындағы киелі сөзінің ұғымы – киесі бар, қасиетті деп ұғындырылады түсіндірме сөздікте (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008, 394-б.).

Жалпы, кие сөзі қазақ ұғымында қастерлі саналған. Бұл сөзден туындаған киелі – *киесі бар, қасиетті, қасиеті бар*, ал киеле – *жадылау, арбау, буалау* ұғымдарында қабылданады. Сол себепті сөзге түсінік бергенде: «КИЕ *көне* Бірдеңенің пірі, иесі, қасиеті. Киесі атты (ұрды) – қарғысына ұшырады. Киесіне жолықты (ұшырады) – кесапаты тиді» деп ұғындырған (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008, 394-б.).

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінде киелі сөзі орнына «иесі» сөзін қолданғандығын көреміз. Мысалы:

«Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,

Түсіне еніп *иесі* аян бергенін»,

Бұл жерде «ие» деген жанның иесі, иелік етушісі Тәңірі екендігін айтады. Яғни «киелі» түсінігі трансцендентальдік, мистикалық дүниемен байланыс ретінде қарастырылған (Рахимов, 2018, 177-б.).

Киe – халықтық ұғымдағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет. Дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды (киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін киелі деп санап, оларға сиыну үрдістері болған. Халық дүниетанымында

киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда киесі ұрады деп есептеледі. Сондықтан киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды (Қазақтың этнографиялық категориялар. Энциклопедия, 3-том, 2012, 90 б.).

Негізгі бөлім

Санға байланысты ұғымдардың халық танымында алатын орны ерекше. Сан есім – мәдениет лексикасын құрайтын рухани байлығымыздың бірі. Олар күнделікті тұрмыста уақыт және кеңістік, көлемдік өлшем ретінде ерекше қызметімен қатар этномәдени мазмұнға бай киелі, қасиетті қызметтер атқарғаны белгілі (Күркебаев, 2020, 115-б.).

Тілдік қолданыста кей сан есімдер киелі, қасиетті саналады. Оның ішінде *үш*, *жеті*, *тоғыз*, *қырық*, т.б. Сондықтан сан есімдерді таза сандық тұрғыдан ғана емес, танымдық сипаты тұрғысынан да зерттеудің маңызы ерекше. Бұл ретте сан есімдердің халық ұғымындағы орнын атауға болады. Руани танымдық лексика қатарынан орын алатын сан есімдер күнделікті тұрмыста, уақыт және кеңістік, көлемдік өлшем ретіндегі қызметіне қоса этномәдени мазмұнда киелі, қасиетті саналады.

Қазақ халқының ұлттық танымын сипаттауда *үш*, *жеті*, *тоғыз*, *қырық* сандарының алар орны бөлек. Яғни бұл аталған сандар тұрмыс-тіршіліктің қай тұсында болмасын етене араласып, белгілі бір ұғымда қолданылатынын көреміз. Айталық, *үш* саны халқымыздың рухани болмысымен араласып, этномәдени мазмұнда танылып, тілдік бірліктер қалыптастырған. Олар: *үш мақсат*, *үш көз*, *үш қуат*, *үш жамандық*, *үш қазына*, т.б.

Үш сөзінің этимологиясы жайлы С.Қондыбай былай дейді: «Үш» сөзінің дей-түркілік праформасы – «үңт/үңгт». Бір жағынан осы праформаның «үңт»-«үш», «іңт»-«іш», «еңт»-«еш», «аңт»-«аш» сияқты дыбыстық варианттарының бар екендігін, екінші жағынан осы «ңт» праформасының басқа өзгерінділерінің аса маңызды мағыналарды туғызғандығын ескере келе, осы «үш»-«үңт» праформасының о баста абақ таңбадағы кіндік нүктенің, шоғым таңбадағы тоғысу нүктесінің атауы болғандығын көрсетеді. Яғни «үш» сөзі әуел баста сан атауы болмаған, тек тіл дамуының келесі кезеңінде ғана нақты сандық көрсеткішке айналған. Кіндік нүктенің, яғни негіздің, құдайы принциптің немесе абсолюттің атауы болған осы сөз өз бойында үш табиғалық ілкілікті сақтап отыр» (Қондыбай, 2008, 108-б.).

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

Осы үш санына байланысты мифопоэтикалық дәстүрлердегі элементтің құрылымдық негізін сандық тұрақтылық тұрғысынан бейнелеуде орыс ғалымдары мынаны атап көрсетеді: «Число три во многих мифопоэтических традициях основная числовая константа вертикальной структуры мира - верхнего (Небо), среднего (Земля), нижнего (Подземного царство). Эта структура «разыгрывает» тему целостности как синтеза всего предельно противоположного, и смысл Земли в посильном примирении крайностей. Интересно, что с какого конца ни подходи к этой трехчастной вертикали, Земля всегда оказывается иной, другой, второй, но она всегда в конечном счете образ центра, и ее нельзя поделить попалам именно из-за силы того, что она на космологической вертикали выступает как абсолютный центр, общий с центром такой же мировой горизонтали» (Топоров, 2004, с. 349).

Ал *жеті* санына орай айтылған тілдік деректер ұлттық сипатта тегін тану тұрғысынан ерекше қастерлі. Соның бірі әрі бастысы, жеті атасын тану. Онда баланы жасынан (кәмелетке толмай тұрып) ататегін, руын, алыс-жақыны мен нағашы жұртын білуін ерекше қадағалаған. Негізгі мақсат – әкесі, атасы, арғы ататегін білу. Тіпті есімдерін жаттатып, олардың кім болғандарынан хабардар болу. Ал тектілерінің өнегелі амалдарын, өсиет сөздері мен отбасылық дәстүрлерін сөз етіп, санасын тектілік қасиеттерге көңіл бөлуіне назар аударту. Мақсат – дәстүрлерді жалғастыруды басшылыққа алу. Ал есімдерін ұмытылып кетпес үшін араға жылдар салып өз ұрпақтарына үлгі тұтып, тұлғалық пен даналықты бойына сіңірген азамат болсын деген мақсатпен қайта жаңғыртқан.

Міне осындай жастайынан тәлім мен тәрбиеге бейімделген ұрпақ ертең оны жалғастырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді басты назарда ұстаған. Мұның негізгі сипаты тектілікті сақтап қалу, ерлікті, батырлықты дәріптеу, шыққан тегін біліп қана қоймай, соны таза ұстау әрі елдікті насихаттау. Осыдан келіп ерлік, елдік, ұғымдары бүгінгі отансүйгіштік түсініктері қалыптасады. Сондықтан қазақ баласының тегі текті, қонысы мықты, қауымы қатқыл, Отан қорғаудағы ерлігі ерен, адамылығы да кең танылған. Аталған үрдіс көнеден қалыптасып келетіндіктен жеті атасын білу күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Бұл «жеті атасын білген ер – жеті рулы елдің қамын жер» деген аталы сөздің сипаты (Мансұров, 2022, 200-б.).

Жеті санының ғасырлардан бермен қарай сақталып келетін ерекше қасиеті – оның киелілік мағынасы деп ауыз әдебиетіндегі *жеті басты дәу, жеті басты айдаһар, жеті басты жалмауыз, жеті сарай,*

жеті қабат аспан үсті, жеті қабат жер асты, жеті қабат темір үй, жеті ағайынды жігіт, жеті ұл, жеті қыз, жеті күн, т.б. жетімен байланысты түрлі мифологиялық кейіпкерлер, ғажайып мекенжайлар, мезгіл өлшемдері және ұқсас ұғымдар мен құбылыстар молынан кездесетінін Қ.Ғабитханұлы жақсы келтіреді (Ғабитханұлы, 2006, 114 б.).

Мұндағы жеті сан есімінің мән-мазмұны кең екендігін айтуға болады. Өйткені әлемдік мәдениетте сандардың киелі ұғымға ие екендігі жайлы деректер біршама. Жеті санының концептілік мәніне талдау жасаған Ж.Б.Курманбаева әлемдік мәдениетте жеті – магиялық сан, ғаламшарлар символы ретінде танылатынын айта келе, орыс халқында жеті саны бақытты сәттер ұғымын білдіруде белсенді қолданылады деп: «Быть на седьмом небе (төбесі көкке жеткендей болу), семеро по лавкам сидят (көпбалалы отбасы) мысалдарын келтіреді (Курманбаева, 2020, 101-б.).

Ал қазақ танымындағы жеті санының ұғымдарын саралай келе, бірнеше ұғымда қолданылатынын атап өтеді: «жеті – магиялық күш, жеті – тіл көзден сақтаушы, жеті – миф, жеті – қанағат шегі, жеті – киелі өлшем». Осы бағытта олардың әрқайсысына дәйектер келтіріп, тұжырым жасайды. Нәтижесінде жеті концептісінің құрылымында сандық мағына ғана емес, мифтік, діни, тотемдік сипатта дәл өлшемдік, кең өлшемдік, жеткілікті шек өлшемдік, қанағатшылық өлшемдігі, ұрпақ жалғастығы өлшемдігі, аталастар шегінің өлшемдігі, ғашықтар эталонының өлшемі, қазына мен жұттың өлшемі, төрткіл дүние шегінің өлшемі, қазақтың өмірлік заңдарының өлшемі (жеті жарғы), рухани жебеушілердің өлшемі (жеті әулие), қазақ даласындағы астрономиялық өзгерістердің өлшемі (жеті амал), т.б. сақталғандығын атап өтеді (Курманбаева, 2020, 111-б.).

Зерттеу әдістемесі

Зерттеудің әдістемелік негіздері – қазақ тілі білімі мен әлемдік тіл білімінің мамандары жасаған тұжырымдар. Тақырыпты талдау барысында тілдік тұжырымдарды саралау, сараптау әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Сондай-ақ мәдени танымдық сипаттағы ғылыми негіздемелер мен рухани танымдық аспектілер, астрономиялық өлшемдер сипаттама жасау әдістерінде пайдаланылды.

Талдау бөлімі

Дүниеде көптеген халықтардың мәдениеті өзара ауыс-түйісте бір-біріне ықпал етіп мифтік сананың архаикалық нұсқасынан бастау

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

алады. Соның бірі осы жеті санының әлемдік мәдениетте өшпестей орын алып, кең жайылған түп тамыры сонау көне дәуір, яғни б.э.д. төрт мың жыл бұрын өмір сүрген шумер халқымен сабақтастырады. Бұл кезең шумер халықтарының көптеген ұсақ рулар мен территориялық бөлшектерден құралып, әрқайсысы өз алдына, өз құдайларына табынған дәуірі. Кейін олар шоғырланып, табынған құдайлары да бірігіп, бір этностық сипаты бар құдайға айналған. Әсіресе, олардың ішінен жеті құдайдың орнын ерекше атаған. Олар: *аңу (шошқа), эа (арыстан), энги (өгіз), щинина (қой), набу (ешкі), ранар (мысық), еркіала (қоян) – жеті ұлы құдай.*

Ал Вавилон дәуіріне келгенде мәдениет пен ғылымның дамуына байланысты Шумер, Семит халықтары табынған құдай түгелдей планеталық құдайларға айналады. Олар: *күн, ай, марс, меркурий, юпитер, шолпан, сатурн.* Вавилон мәдениеті бойынша аптадағы жеті күннің әр күні киелі саналған, олар жеті аспан шырағының (күн, ай, марс, меркурий, юпитер, шолпан, сатурн) санына сәйкес белгіленген және әр күн аспан денелері аясында деген ұғым қалыптасқан. Міне осындай ұғым дүние жүзіне тарап, бүгінде жетілік апта мәдениеті дүниеге келген.

Жеті сөзімен байланысты халқымызда *жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жұт, жеті галам, жеті қат көк, жеті гашық* сияқты ұлттық киелі ұғымдар қолданылады. XVI ғасырда өмірге келген Өз Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті сөзінің қасиетіне, киелілігіне мән беруден туған болу керек. Өлген адамның *жетісін беру, жеті шелпек* пісіріп, еске алу және *жеті қабат жер астында, жеті жұрт* – көп ел, *жеті жау* – ежелгі жау, *жеті жұртқа әйгілі* – танымал, *жерден жеті қоян тапқандай* – қуану, *жеті рет өлиеп, бір рет кес* – шешім қабылдау, *жеті атасын білмеген жетесіз* – ұятсыз, *жеті атадан қыз алыспау* – дәстүр, т.б. тіркестер мен мақал-мәтелдердің шығуы да жеті сан есімімен байланысты қалыптасқан.

Тоғыз санына киелілік мән беру ислам дінімен байланысты енуі мүмкін. Тоғыз саны қытай халқының дүниетанымында да киелі мәнге ие. Мұны көне Қытайлықтардың аспанды тоғызға бөліп қарауы анықтай түседі. Олар: 1. Аспан ортасы. 2. Шығыстағы аспан (көк аспан). 3. Шығыс-оңтүстік аспан. 4. Күн оңтүстікке келгендегі алау түсті. 5. Батыс-оңтүстіктегі нар қызыл аспан. 6. Батыстағы ақ аспан. 7. Батыс-солтүстіктегі сұрғылт аспан. 8. Солтүстіктегі қара аспан. 9. Солтүстік-шығыстағы құбылмалы аспан. Яғни, қытайлықтар күннің кеңістікті айналуындағы аспанның реңктік түсіне қарап, оны тоғыз түске

бөліп, осы негізде аспан астындағы жерді де тоғыз бөліктен құралады деп түсінген.

Жалпы, тоғыз сан есімімен байланысты қалыптасқан этнографизмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, тұрақты теңеулер, нақыл сөздер рухани лексикалық қорымызда жетерлік. Олардың басым бөлігі адамзат баласының өмір тіршілігінде қолданысқа еніп, мағыналық сипаты тұрғысынан ұғынықты саналады. Олар: *тоғыз жолдың торабы, тоғыз саққа жүгірту, тоғыз қабат торқа (мата), тоғыз қабат асыл киім, тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру, бір тоғыз (айыппұл), тоғыз киім кигізу, тоғыз көзді кіреуке, тоғыз шашақты найза, тоғыз шашақты ту, тоғыз ұл, тоғыз қыз, тоғыз көзді дәу, тоғыз көзді айдаһар* және т.б.

Шындығында, тоғыз саны түркілер үшін кемелдіктің ең жоғарғы шектің символы саналған. «Тоғыз саны – әлдебір толықтықты, кемелдікті, түгелдікті білдіреді. Әбілғазының шежіресіндегі мынадай сөздерге көз салайықшы: «Мұңғұл тайпасынан тоғыз кісі патшалық қылды: алғашқысы – Мұңғұлхан, соңғысы Елхан. Шарафуддин Йезди өзінің «Зафарнама» деген кітабының кіріспесінде «Түркі халқында не нәрсені болса да, тоғызға апаратын әдет бар, Құдай тағала одан артық та жаратпаған, бұл әдет Мұңғұлдың тоғыз ханынан алынған» деп жазған еді» дегенді келтіреді С.Қондыбай (Қондыбай, 2008, 389-б.).

Айтулы сан есімдер тек қана түркілік танымда ғана емес, әлемдік тілдерде де киелі әрі қасиетті ұғымда танылады. Айталық, *үш, жеті, тоғыз* сандары әлем халықтарының этномәдени дүниетанымындағы киелілігі туралы біршама зерттеушілер талдаулар жүргізген. Жалпы, сандардың әлемнің тұтастығын, табиғат күштерін жасаудың әрі сақтаудың, сондай-ақ олардың үйлестіру, теңестіру, үйлесімділігін шығармашылықта таныту жолдарын ұсынады. Айталық, ресейдің лингвист ғалымы В.Н. Топоров сандардың саннан да тыс қызметін, яғни әлемнің тұрақты құрылымының бейнесін бейнелейтіндігін атап көрсетеді: «Числа – результат проецирования внечисловых сущностей, образы единства в мире множественности и иллюзии. Даже когда числа служат для измерения (как полагает, судя по ведомости, современный наблюдатель), их цель иная – соотнести данные масштабы с пропорциями Вселенной, включить измеряемое в числом не исчерпываемый, но числом выражаемый вселенский ритм («космический танец») и тем самым с помощью чисел вызвать (обнаружить, представить) образ перманентной структуры мира» (Топоров, 2004, с. 237).

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

Белгілі этнограф Г.Н. Потанин үш, жеті, тоғыз сандарын киелі санап, оларды халықтың астраномиялық танымы негізінде ұғынылғанын атап өткен болатын. Расында, көне дәуірден келе жатқан түсінік бойынша, белгілі бір ұлттық мәдениеттің тұтынушысы ретінде кез келген адамның өмірі мен сол ұлттың мәдениеті сандардың астарындағы мәдени құндылыққа тиесілі екендігін аңғартады. Мұнда сандардың математикалық сипаты емес, әр халықтың лингвомәдениеттанымдық мазмұны негізге алынады. Яғни сандардың лингвомәдени бірлік ретінде қабылданып, мәдени һәм рухани құндылық ретінде санауды алға тартады.

Бұл ретте қазақ халқының мәдени танымында сандардың салт-дәстүрлерде орын алып, мәдени құндылықтың бірі ретінде қабылданатынын көреміз. Ол жайлы зерттеулерде аталып өткен. «Қазақ мәдениетінде ерекше киелі саналатын сандар паремиологиялық қорда, аңыз-әңгімелерде, салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғыларда, тіпті ырым-тыйымдарда кең көрініс тапқан. Киелі сандар мәдени бейне ретінде рухани құндылыққа ие болған. Мәселен, үш, жеті, тоғыз, он үш, қырық, алпыс сандары мистикалық, магиялық, сакральдық мазмұнда танылады» (Курманбаева, 2020, 4-б.).

Осы тұжырымдарды саралай келгенде, тіл мен мәдениеттің тұтастығы қоғамның дамуына, ұлт болып қалыптасуға, ұлттың ұлттұтастырушылық әлеуетін арттыруға едәуір ықпал етеді. Демек, тіл – ұлттың мәдени құндылығының айқын көрінісі, ал ұлттың мәдениетін – оның жүріс-тұрыс, киім киісінен ғана емес, ең бірінші сөйлеген сөзінен байқау тиімдірек. Себебі, киімді біреу кигізе салуы мүмкін. Жүріс-тұрысты, әдептілік құлықтарын тез арада үйреніп алуы мүмкін. Ал тіл – ол адамның туа бітті қалыптасатын құндылығы болғандықтан, тіл – адам мәдениетінің маңызды көрсеткіші бола алады деген қорытынды жасаймыз дейді Ж.Курманбаева (2020, 11-б.).

Ұлттық этномәдени дүниетанымымызда қадір қасиет тұтатын тағы бір сан есім – *қырық*.

Қырық сан есімінің нақты сандық мәнінен гөрі ауыспалы келтірінді мағыналарда қолданылуы бірсыпыра фразеологизмдерден байқалады және олар қазақтың ежелгі мифтік санасындағы рухани дүниетанымының наным-сенімдермен тікелей байланысты болып келеді. Айталық, нәрестенің өмірге келгеніне қырық күн толып, мойны бекігенде «*қырқынан шығару*» ырымы жасалады. *Қырық қасық суға түсіру* – көз тиген баланы қырық қасық немесе қырық ожау суға шомылдыруға байланысты ырым. *Қырық үйдің қылауынан* – сүйегі

сынған адамға қырық үйден ас әкеліп беретін ырым; яғни мертiк ас қырық үйден жиналған. *Қырықтың қылауынан* – көп асылдың сынығы (*қылау* – пышақ, қылыш сияқты құралдың өткір жүзіне байланысты сөз), өзгеше жаратылған. Сол сияқты қайтыс болған адамның «*қырқын беру*» дәстүрі де бар. Бұл мысалдардың этномәдени мәнінен қырық сан есімінің қасиетті, сиқырлы мәнін аңғаруға болады.

Ал *қырық құрақ* фразеологизмі «тозығы жеткен, ескі, жамау-жасқаулы» деген мағынада, «*қырық пышақ* - араз, жақ-жақ, басы бірікпеген» ұғымында, «*қырық пышақ қылды* - біреуге біреуді айдап салды, араздастырды» фразеологизмі ауыспалы мағынада жұмсалады.

Тілімізде қырық сан есімімен байланысты «*қырықтың бірі* – *қыдыр*», «*қызға қырық үйден тыю*» сияқты мақал-мәтелдер ұлттық тәлім-тәрбиеге байланысты жұмсалады.

Жалпы алғанда, сандар халқымыздың дүниетанымында ерекше орын алады. Ұлттық салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғыларда, т.б. салаларда киелі саналады. Адамзат баласының осы жарық дүниеге келуі мен ақыретке кетуіне орай халқымыз көптеген ырымдар мен салттарда, өмір сүрудің түрлі қырларында тілдік қолданыста орын берген. Сол себепті қазақ халқының санасында *үш*, *жеті*, *тоғыз*, *қырық* сандары аңыз-әпсаналарда, тарихи жырларда, шежірелерде, т.б. мағыналық сипатта, рухани танымдық негізде сөздік қолданыста кең көрініс тапқан. Алайда оның да түпкі тамыры тереңде жатқандығын атау керек. Өйткені аталған сандар арқылы біз халқымыздың сонау көне замандардағы дүниетанымына, тарихына, мәдениетіне жетелейтінін әрі сол арқылы көптеген мәліметтерге қол жеткізе алатынымызға мүмкіндік береді. Тіпті осы сандар арқылы кейбір тілдік қолданыстардың сырын ашуға да жол ашатындығын аңғарамыз.

Басқа сандарға қарағанда салт-дәстүрімізде, тілімізде көбірек кездесетін киелілік қасиетке ие сандар қатарына «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарын жатқызуға болады деген пікірлер осы айтылғандарды растайды (Ғабитханұлы, 2006, 110-б.).

Жыраулар поэзиясында мөлшер эпитеттер сан есім анықтауыштар арқылы да жасалады. Мысалы, он отау, қырық шатыр, отыз екі омыртқа, он түйме, екі қары бөз, он екі құрсау жез айыр, т.б. Бұлардың бәрі де өзінен кейін тұрған зат есімдерді сандық мөлшер тұрғысынан анықтайды. Сонымен қатар, кейбірі көп, мықты деген жанама мөлшерлік ұғымдарды білдіреді. Мұндағы сан есім анықтауыштар жай кездейсоқ берілген сандар емес, халықтың танымында терең орныққан, менталды мәні бар сандар.

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

Қазақ халқы киелі ұғымдарды қашан да осындай киелі сандармен қатар қою арқылы өз танымын метафораландырып, жарыққа шығарып отырады. *Он, қырық, отыз екі, он екі* сияқты дара және күрделі сандар – дәстүрлі қазақ танымында айрықша маңызы бар сандар. Олар киелі ұғымдармен ұзақ уақыт бойы қатар қолданылу нәтижесінде тұрақты тілдік құрылымға айналады. Мұндай тұрақты құрылымдарда жылдар, ғасырлар бойы көптеген құнды ұғымдар жинақталады. Сол ұғымдардың бірі – мөлшерлік ұғым (Ермұхамет, 2020, 139-б.).

Түркілік танымдағы сандарды зерттеуге алған ғалымдар сандық ұғымдарды математика ғылымынан тыс өмір шындығы мен адамзат баласының қажеттілігінен алғандығын келтіреді. Әрі оларды растап, белгілі бір ұғымның танымдық сипатын айғақтайтынын дәйектейді. Мұның қатарында тарихи-салыстырмалы зерттеулер жүргізген шетелдік ғалымдар В.А.Горделевский, Ф.Розенберг, Г.Рамстед, В.Бартольдт, В.Радлов, т.б., сондай-ақ қазақ тіл білімінде сандардың сан түрлі қырынан қарастырған отандық ғалымдар І.Кеңесбаев, Ә.Хасенов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиұлы, Қ.Ғабитханұлы, т.б. еңбектерін көреміз. Бұл зерттеулер сандардың тек қана математикалық мәнін ғана емес, сонымен бірге ол сандардың киелі қасиетін, ұлттық танымдағы сипатын, тілдік бірліктердегі алар орнын, олардың қатысуымен жасалған фразеологизмдердің символдық мәнін ашқандығын атап айтуға болады.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, қазақ халқының этномәдени дүниетанымында *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандары қасиетті, киелі сандар саналады. Ежелгі дүниетанымдық түсінік бойынша, сандар жүйесі тұрмыс-тіршілікте болжау жасайтын хабаршы ретінде санап, әр сөздің, әр әріптің өз саны, өз белгісі болады деп танып, оның иелік етерліктей қасиеті бар деп ұққан. Сол себепті әр санды қастерлі, киелі санаған.

Сан есімдердің мұндай танымдық сипатын қазақтың этномәдени дүниетанымында лингвомәдени қолданыс тапқан ертегілерден, аңыз-әңгімелерден, мақал-мәтелдерден, тұрақты сөз тіркестерінен көреміз. «Жау үш шапса – жан қалмайды, жұт үш оралса – мал қалмайды», «Жиен келгенше жеті бөрі келсін», сияқты мақал-мәтелдер арқылы аз сөзге көп мағына сыйдырып, өмір құбылыстарын сандық жүйе негізінде топшалап түйіндей білген. Сондай-ақ, «Үш қайнаса сорпасы қосылмайды», «Маңдайының соры бес елі», «Жеті жұртқа әйгілі», «Қырық пышақ болды», т.б. сияқты тіркестердегі сан есімдер жеке

тұрғанда математикалық ұғымды бергенімен, контекстік қолданыста жанама түсінікке ие екендігін білдіреді.

Жалпы алғанда, сандар халқымыздың дүниетанымында ерекше орын алады. Ұлттық салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғыларда, т.б. салаларда киелі саналады. Адамзат баласының осы жарық дүниеге келуі мен ақыретке кетуіне орай халқымыз көптеген ырымдар мен салттарда, өмір сүрудің түрлі қырларында қолданылады. Сондықтан болар халқымыздың санасында *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандары тілдік қолданыста аңыз-эпсаналарда, тарихи жырларда, шежірелерде, т.б. көрініс табады. Алайда оның да түпкі тамыры тереңде жатқандығын байқауға болады. Бұл сандар арқылы біз халқымыздың сонау көне замандардағы дүниетанымын, тарихын, мәдениетін танимыз әрі сол арқылы көптеген мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Тіпті осы сандарға орай кейбір тілдік қолданыстардың сырын ашуға да мүмкіндік бар екендігін көреміз.

Әдебиеттер

- Ғабитханұлы Қ. (2006). *Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі*. –Алматы: «Арыс», –168 б.
- Егеубай А.Қ. (1998). *Махмұт Қашқари Түрік сөздігі*. Үш томдық. –Алматы: Хант, –600 б.
- Ермұхамет М. (2020). *Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде)*. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, –220 б.
- Қурманбаева Ж.Б. (2020). *Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі*. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, –164 б.
- Күркебаев К.Қ. (2020). *Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы*. Оқу құралы. –Алматы: «Қазақ университеті», –192 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі*. Он бес томдық. (2011). 8-том. –Алматы, –744 б.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. (2008). –Алматы: Дайк-Пресс, –968 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі*. (2012). Энциклопедия. 3-том: К-Қ. –Алматы: РПК «Слон» DPS, – 736 бет.
- Қондыбай С. (2008). *Арғықазақ мифологиясы*. 1-кітап. –Алматы: «Арыс», –528 бет.
- Мансұров Н.Б. (2022). Шежіре – ұлттық мәдениеттің бір сипаты. *Түркология журналы*, №4 (112), –Түркістан. –190–204-б.

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

- Рахимов М.И. (2018). Ертiс өнiрi киелi орындарының ғылыми тұрғыда зерттелу мәселесi. *Қазақ мемлекеттiк қыздар педагогикалық университетiнiң Хабаршысы*, № 3 (75).
- Топоров В.Н. *Исследования по этимологии и семантике*. (2004). Т. I, Теория и некоторые частные ее приложения. –Москва: Языки славянской культуры, –816 с.
- Циренова Л.А. (2014). *Краткий философский словарь*. 2-е изд. –Москва: РГ –Пресс, –стр. 496.

References

- Ġabithanuly Q. (2006). *Qazaq mifologuasynyñ tildegi kórinisi*. –Almaty: «Arys», –168 b.
- Egeýbaı A.Q. (1998). *Mahmut Qashqarı Tórik sózdigi*. Úsh tomдық. –Almaty: Hant, –600 b.
- Ermuhamet M. (2020). *Mólsher kategoruasynyñ tarıhı paradıgmasy (lingvistikalıq aspektide)*. Filosofıa doktory (PhD) dárejesin alý úshin dáıyndałan dissertatsıa. –Almaty, –220 b.
- Kýrmanbaeva J.B. (2020). *Qazaq tilindegi san ataýларыnyñ lingvomádemettanymdyq negizi*. Filosofıa doktory (PhD) ғылыми dárejesin alý úshin dáıyndałan dissertatsıa. –Almaty, –164 b.
- Kúrkebaev K.Q. (2020). *Qazaq tiliniñ rýhanı jáne materialdyq leksıkasy*. Oqý quraly. –Almaty: «Qazaq ýnıversiteti», –192 b.
- Qazaq ádebi tiliniñ sózdigi*. On bes tomдық. (2011). 8-tom. –Almaty, –744 b.
- Qazaq tiliniñ úsindirme sózdigi*. (2008). –Almaty: Daik-Press, –968 b.
- Qazaqtıñ etnografıalıq kategorıalar, úğymdar men ataýларыnyñ dástúrlı júesi*. (2012). Entsiklopedıa. 3-tom: K-Q. –Almaty: RPK «Slon» DPS, –736 bet.
- Qondybaı S. (2008). *Arғыqazaq mifologıasy*. 1-kitap. –Almaty: «Arys», –528 bet.
- Mansurov N.B. (2022). Shejire – ulttyq mádeniettiñ bir sıpaty. *Türkologia jýrnaly*, №4 (112), –Türkistan. –275 b.
- Rahımov M.I. (2018). Ertis óniri kieli oryndarynyñ ғылыми тұрғыда зерттелу мәселесi. *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы*, № 3 (75).
- Toporov V.N. *Issledovanie po etimologii i semantike*. (2004). Т. I, Teoriya i nekotorye chastnye ee prilozhenia. –Moskva: Iazyki slavianskoı kúltúry, –816 s.
- Tsirenova L.A. (2014). *Kratku filosofsku slovar*. 2-e izd. –Moskva: RG –Press, –str. 496.

Öz: Makale, Kazak milli bilgisindeki kutsal sayılar kavramına ilişkin dilsel verileri farklılaştırmaktadır. Öncelikle insan ırkının özelliklerinden bahsedilerek kavramı ve anlamı incelenmiştir. Popüler hayal gücündeki canlı ve cansız nesnelere kutsal özellikleri ele alınmakta, bilgilerindeki sayılar analiz edilmektedir. Nitekim pek çok kişiye göre dilin kullanımında belirli sayılar kutsal ve mukaddes kabul

edilmektedir. Bu nedenle insan yaşamında sayıların sadece sayısal özellikleri açısından değil aynı zamanda bilişsel özellikleri açısından da ayırt edilmesinin önemli olduğu önerilmektedir. Makale, popüler bilgide üç, yedi, dokuz, kırk rakamlarının etnokültürel içerikte kutsal ve kutsal kabul edildiği gerçeğinden hareket etmektedir. Bu sayıların halkın manevi özüyle harmanlanmasının etnokültürel içerikte de tanınması, kültürel sözlüğü oluşturan manevi varlıklardan biri olan dil birimlerini oluşturmuş, aynı zamanda zaman, mekan ve ölçü görevi de görmüştür. Gündelik yaşamdaki kutsal içerik özellikleri kapsamlı bir şekilde analiz edilmektedir. Ayrıca bu rakamların kutsallığının sadece Kazak milli veya Türk bilgisinde değil, dünya dillerinde de mevcut olduğunu söylüyorlar. Temeli, dünya halklarının etnokültürel tablosundaki kutsallık üzerine yapılan araştırmalardır. Genel olarak çalışmanın temelini oluşturan sayılar; insanın ulusal dünya görüşündeki yeri, gelenek ve göreneklerdeki kutsallığı, kişinin doğumu ve ölümü nedeniyle hayatın çeşitli yönlerine yansımış olması ve ayrıca bunların kullanımı ve sırları ulusal dil bilgisinde ortaya çıkar.

Anahtar Kelimeler: halk bilgisi, kutsal sayılar, manevi kelime dağarcığı, dil birliği, dilsel kullanım

(Nurlan MANSUROV. KAZAK MİLLİ BİLGİSİNDE KUTSAL SAYILAR)

Аннотация

В статье дифференцируются лингвистические данные о понятии священных чисел в казахском национальном знании. Сначала упоминаются характеристики человеческого рода, анализируется его понятие и значение. Рассмотрены священные свойства одушевленных и неживых предметов в народном представлении, проанализированы числа в их знании. Действительно, по мнению многих людей, некоторые числа считаются святыми и священными в использовании языка. Поэтому рекомендуется важно различать числа в жизни человека не только с точки зрения их числовых свойств, но и с точки зрения их познавательных свойств. В статье руководствуется, что числа три, семь, девять, сорок в народном знании считаются святыми и сакральными по этнокультурному содержанию. Тот факт, что данные числа смешались с духовной сущностью народа, были признаны в этнокультурном содержании, образовали языковые единицы, как одно из духовных достояний, формирующих культурный лексикон, а также служащих временем, пространством и мерой. В повседневной жизни, всесторонне

Қазақтың Ұлттық Танымындағы Киелі Сандар

анализируются их сакральные свойства содержания. Говорят также, что сакральность этих числительных есть не только в казахском национальном или тюркском знании, но и в мировых языках. За основу взяты исследования о сакральности в этнокультурной картине народов мира.

В целом числа, положенные в основу исследования, - это место народа в национальном мировоззрении, его святость в традициях и обычаях, то, что они отражаются в различных сторонах жизни благодаря рождению и смерти человека, а также их использование и раскрывается тайны в национальном языковом знании.

Ключевые слова: народные познания, сакральные числа, духовная лексика, языковое единство, языковое употребление

(Нурлан МАНСУРОВ. САКРАЛЬНЫЕ ЧИСЛА В КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ПОЗНАНИЯХ)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Нұрлан Мансұров (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.
